



«Нархоз университеті» КЕАҚ
Академиялық Кеңесінің
2021 ж. «11» қарашадағы
шешімі бойынша (№8 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ


Алматы қаласы,
2022 жыл

Мазмұны

Келісу парағы	3
Құжаттың паспорты	4
I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
I.1. АНЫҚТАМАЛАР	5
II. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ ЖҮЙЕСІ	6
II.1. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ.....	6
II.2. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	6
II.3. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ	6
II.4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК	7
II.5. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ	7
II.6. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ.....	7
II.6.1. ЖОО-ны тиімді басқару моделін құру	7
II.6.2. Сапалы білімге қол жеткізудің тепе-теңдігі.....	8
II.6.3. Адами капитал сапасы.....	8
II.6.4. Білім беру бағдарламаларының сапасы.....	9
II.6.5. Білім алушыларды оқуға қабылдау, жоғары білім, оқу кезеңдері мен алдыңғы білімнің біліктіліктерін (квалификацияларын) мойындау..	9
II.6.6. Білім беру бағдарламаларының қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келуі.....	10
II.6.7. Оқыту мен зерттеудің интеграциясы	11
II.6.8. Серіктестік байланыстардың сапасы.....	11
II.6.9. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. Серпінді (динамикалық) білім беру ортасын қалыптастыру	11
II.6.10. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін құжаттау.....	12
II.6.11. Білім беру инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстардың сапасы	12
III. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ САПАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАНУЫ	13

Келісу парағы

Провост м.а., Академиялық жұмыс
жөніндегі вице-провост


 С.Ы. Өмірзақов

Ғылым жөніндегі вице-провост



А.С. Шенин

Әкімшілік департаменттің
директоры



Л. Бисенғали

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	«Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясаты
Қысқаша сипаттамасы:	Саясат білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін айқындайды.
Әзірлеушілер:	Аккредиттеу бөлімі Н.Ж. Шаханова И.Э. Кесер
Статусы:	Қолданыстағы
Бекіту уақыты:	10.11.2021 ж.
Аудит уақыты:	22.11.2022 ж.
Аудитке жауапты тарап:	Аккредиттеу бөлімінің бастығы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Кіріспе

«Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Университет») – жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің (бакалавриат, магистратура, докторантура) барлық деңгейлері бойынша білім беруді ұсынатын коммерциялық емес, тәуелсіз білім беру мекемесі.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениетін дамыту мақсатында Университетте қолданылатын жалпы тәсілдерді, маңызды принциптер мен негізгі механизмдерді көрсетеді.

Университеттің Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясаты «Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде еуропалық стандарттар мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты» (ESG, 2015) қоса алғанда, жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз етудің халықаралық тәсілдеріне, сол сияқты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүзеге асыратын білім беру саласындағы Ұлттық саясатқа сәйкес келеді.

«Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясаты стратегиялық менеджменттің бір бөлігі болып саналады, ол миссия, стратегиялық даму тұжырымдамасы, Жарғы, Академиялық саясат пен Университеттің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

Университетте профессор-оқытушылар құрамы мен Университеттің әкімшілік-басқару персоналы білім алушыларға көрсететін білім беру қызметтерінің сапасына іштей және сырттай мониторинг жүргізудің кешенді жүйесі жұмыс істейді.

I.1. АНЫҚТАМАЛАР

Білім беру сапасы – бұл білім беру моделінің контекстуалды (мәнмәтіндік) мазмұнын, жоғары оқу орындарының мақсаттары, міндеттері мен миссиясын, сондай-ақ әрбір жеке жүйе, ЖОО, бағдарлама немесе пәннің ерекше стандарттарын қамтитын серпінді (динамикалық), көп өлшемді, көп деңгейлі тұжырымдама.

Сапаны қамтамасыз ету – бұл жоғары білім беру жүйесі, жекелеген университеттер мен бағдарламалардың сапасын бағалаудың үздіксіз де тұрақты үдерісін білдіретін жан-жақты термин.

Термин жетілдірудің үздіксіз циклі ішіндегі барлық қызмет түрлерін қамтиды (яғни сапаны қамтамасыз ету және жетілдіру жөніндегі қызмет).

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі – басқару құралы және мүдделі тұлғалардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру үдерісінің нәтижелеріне қол жеткізу механизмі.

Сапа мәдениеті – білім беру үдерісінің барлық қатысушылары қуаттайтын, жалпы қабылданған білім беру ұйымы сапа моделінің жиынтығы. Жоғары білім берудегі сапаға деген ұмтылыс мәдениет және сапаны тиімді басқарумен бірге

үйлестікте (сапаны қамтамасыз ету процедуралары арқылы) сапа мәдениетінің ингредиенттері болып есептеледі.

II. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ ЖҮЙЕСІ

II.1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың мақсаттары

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың мақсаты – Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне арналған сапаны қамтамасыз етудің процедуралары мен құралдарын анықтау.

Саясат білім беру сапасын қамтамасыз ету ішкі жүйесінің жалпы құрылымын айқындайды; білім беру сапасын қамтамасыз ету мен жетілдіруге ықпал етеді.

Сапаны қамтамасыз ету Университеттің білім беру сапасы саласындағы қызметін жүйелі және мақсатты түрде дамыту мен құжаттауға бағытталған барлық іс-әрекеттер мен әдістердің жиынтығы ретінде айқындалады.

II.2. Сапаны қамтамасыз етудің құндылықтары мен принциптері

- Білім алушылар, ПОҚ мен жұмыскерлерге қатысты мүмкіндіктердің тепе-теңдігі мен әділдікті қамтамасыз ету;
- Академиялық адалдық пен еркіндікті, сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрлері мен көріністеріне төзбеушілікті қолдау;
- Кемсітудің кез келген формаларына төзбеушілік;
- Деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау;
- Үдерістер мен нәтижелер үшін жауапкершілікті нақты анықтау;
- Сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылауды қолдану;
- Сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын тұрақты түрде қайта қау;
- Білім беру сапасын қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді белсенді түрде тарту;
- Мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Сапа мәдениетін дамыту және қолдау үшін жағдай жасау.

II.3. Академиялық сапаны қамтамасыз етудің процедуралары мен механизмдері

Академиялық үдерістерді реттейтін негізгі құжат Университеттің Академиялық саясаты болып саналады (<https://narxoz.edu.kz/academic-policy>).

Оқыту, білім беру және зерттеу сапасын қамтамасыз ету мәселелері Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген (<https://narxoz.edu.kz/quality-assurance>).

Академиялық кеңес, Академиялық кеңес жанындағы академиялық сапа жөніндегі Комитет және өзге де комитеттер, Мектептердің Кеңестері мен Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларын қоса алғанда, Университеттің барлық

құрылымдық бөлімшелері мен коллегиялды органдары академиялық сапаны үздіксіз қамтамасыз ету үдерісіне тартылған.

Университеттің білім алушылары мен оқытушылары Университеттің барлық деңгейлеріндегі коллегиялды органдарының құрамына кіреді. Университеттің Стратегиялық даму тұжырымдамасы (Даму стратегиясы), академиялық үдерістерді басқарудың барлық деңгейлерінде сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат пен процедуралар сапаны қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік сфераларын нақты анықтайды және ажыратады. Бұл өзгеріп жатқан оқу жағдайлары мен сыртқы ортаның сын-қатерлеріне (пандемия және т.б.) тез жауап беруге кепілдік береді.

Жоғары Мектептер мен Университеттің әкімшілік құрылымдық бөлімшелері білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері мен олардың қызмет бағыттарын ескере отырып, Университеттің білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне өзіндік компоненттер қосады.

II.4. Халықаралық стандарттарға сәйкестік

Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері ұлттық стандарттарға және Еуропалық стандарттар мен Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету нұсқаулықтары мен басқарушылық принциптерінің (ESG, 2015) талаптарына сәйкес сапаны қамтамасыз ету және жақсартудың үдерісіне тұрақты қатысады.

Бұл мойындалған ұлттық және шетелдік агенттіктердің аккредиттеу сертификаттары бойынша расталады (FIBAA институционалды аккредиттеу сертификаты, 2022ж., <https://www.fibaa.org/akkreditierung-zertifizierung/institutionelle-verfahren/internationale-verfahren/institutional-akkreditation/akkreditierte-hochschulen/>).

II.5. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру құралдары

Университет академиялық үдеріс пен білім беру бағдарламаларының барлық аспектілерін жүйелі түрде бағалау мен талқылауды тұрақты негізде жүзеге асырады. Бағалау оқыту сапасының мониторингіне және білім алушылар, оқытушылар, түлектер мен жұмыс берушілердің сауалнамаларына негізделген. Алынған нәтижелердің қорытындылары бойынша Университеттің басшылығы, Академиялық Кеңес жанындағы Академиялық сапа жөніндегі комитет, Мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары, білім беру бағдарламалары мен құрылымдық бөлімшелердің жетекшілеріне есептер ұсынылады. Есептерді зерделеу негізінде құрылымдық бөлімшелер «Progress report» («Прогресс туралы есеп») формасындағы кері байланысты ұсынады, содан кейін ол білім алушылар мен сауалнаманың басқа да нысаналы топтарына ұсынылады.

Университетте ұйымдық құрылым әзірленді, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарда бейнеленген сапаны қамтамасыз етуге қатысты жауапкершілікті нақты бөлу, сонымен қатар коллегиялды органдар функцияларының ара-жігін ажырату белгіленді. Бұл Университеттің әрбір құрылымдық бөлімшесі/қызметкері туындаған проблемаларға тез және тиімді жауап бере алатын *сапа мәдениетін* дамытуға ықпал етеді.

Университетте Университеттің академиялық және әкімшілік құрылымдық бөлімшелері қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауды және олардың өзара іс-қимылын қамтитын ұйымдық құрылымның барлық деңгейлері бойынша тұрақты есептілік жүйесі бар.

II.6. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ

II.6.1. ЖОО-ны тиімді басқару моделін құру

Академиялық артықшылық пен жоғары ғылыми беделге қол жеткізу оқытушылар мен студенттердің зерттеулерін, инновациялары мен бастамаларын қолдау жүйесін құруға қабілетті ашық, жауапты және тиімді басқару жағдайында ғана мүмкін болады. Осы мақсатта коллегиялды академиялық органдар (Академиялық Кеңес, Академиялық сапа жөніндегі комитет, Академиялық Кеңес жанындағы басқа да комитеттер, Жұмыс берушілер кеңесі, Мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары) құрылды, олардың қызметін Университеттің академиялық емес бөлімшелері де қолдайды.

Университет барлық мүдделі тараптардың міндетті қатысуы бойынша бекітілген регламенттер мен процедуралар негізінде басқару сапасын ашық та кәсіби талқылау бағытын ұстанады.

Инновацияларды басқару деп түсінілетін адамдарды басқару бизнес-үдерістердің реинжинирингін, креативтілік пен кәсібилік ортасын қалыптастыруды болжайды. Барлық қабылданатын шешімдер студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің мүддесі үшін, сондай-ақ бүкіл Университеттің игілігі үшін қабылдануы тиіс.

Зерттеулер мен педагогикалық практикалардағы еркіндік саясаты оқытушылар мен зерттеушілердің Университет пен қоғам алдындағы жауапкершілігімен қатар жүруі керек.

II.6.2. Сапалы білімге қол жеткізудің тепе-теңдігі

Университет сапалы білім алуға теңдей қол жеткізуге кепілдік береді және гендерлік теңдікке ие болуын, әрі жасы, этностық және діни тиесілілігі бойынша кемсітушілікке жол берілмеуін қамтамасыз етеді. Денсаулық тұрғысынан мүмкіндігі шектеулі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамын оқу және жұмыс жағдайларына бейімдеу бойынша жәрдемдесу шаралары көрсетіледі (Академиялық Кеңестің 2022 жылғы 31-мамырдағы шешімі бойынша (№22 хаттама) бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білімге теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету саясаты»).

Білім алуға теңдей қол жеткізу принципін жүзеге асыру бойынша жұмысты Академиялық Кеңес жанындағы Академиялық әртүрлілік, тепе-теңдік және инклюзия жөніндегі комитет үйлестіреді (Академиялық Кеңестің 2022 жылғы 04-қарашадағы шешімі бойынша (№4 хаттама) бекітілген «Академиялық әртүрлілік, тепе-теңдік және инклюзия жөніндегі комитет туралы ереже»).

Әлеуметтік тұрғыдан осал топтардан шыққан (көп балалы отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедектер, жетім балалар мен ата-

анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар және т.б.) және қиын жағдайда өмір сүретін білім алушыларға Білім беру жеңілдіктерін беру жөніндегі комиссияның ұсынысы негізінде оқуға арналған жеңілдіктер түріндегі арнайы көмек көрсетіледі («Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру жеңілдіктерін беру туралы ереже», «Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында ЖОО-дан кейінгі бағдарламалар бойынша оқитын адамдарға білім беру жеңілдіктерін беру туралы ереже» және т.б.).

II.6.3. Адами капитал сапасы

Университет профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персоналдың кәсіби деңгейіне басым көңіл бөледі. Бұл кадрлық саясаттың бар болуы және Университет персоналының мотивациясы мен тиімділігі жүйесін дамыту жолымен қызмет нәтижелерін өлшеу жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Университетте өз қызметкерлерінің біліктілігін тұрақты арттыруға көп көңіл бөлінеді («Нархоз университеті» КЕАҚ-ның кадрлық саясаты; «Әкімшілік-басқарушылық персонал (жетекші категориясы), профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің біліктілік (квалификациялық) сипаттамалары туралы ереже», «Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын грейдирлеу туралы ереже»).

II.6.4. Білім беру бағдарламаларының сапасы

Университет білім беру бағдарламаларының мазмұнына тұрақты мониторинг жүргізу және мерзімді бағалау арқылы оқыту сапасына кепілдік береді және жеке оқыту траекториясын қалыптастыру, студенттерге жеке консультация берудің икемді әдіснамасын пайдалану, пәнаралық білімді ұсыну; қос дипломдық (бірлескен) білім беру бағдарламалары бойынша оқыту; оқу үдерісіне ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу; білім берудің әрбір деңгейі үшін халықаралық (Дублин дескрипторлары) және Ұлттық біліктілік шеңберлеріне (ҰБШ) сәйкес ұлттық және халықаралық еңбек нарығында түлектердің талап етілуіне ықпал ететін кәсіби дағдыларды қалыптастыру арқылы студенттерге бағытталған оқыту ісін жүзеге асырады.

Білім алушылар, оқытушылар, зерттеушілер мен бизнес ортаның өкілдері, сонымен қатар корпоративтік серіктестер оқытудың барлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жаңарту мен басқаруға қатысады. Мониторинг пен сапаның қамтамасыз етілуін Университеттің Жоғары мектептерінде Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар қадағалайды (Университеттің «Академиялық саясаты», «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі регламент»).

Оқу жоспарлары мен курстарын құрастыру және оларға мониторинг жүргізу үшін нақты құжатталған жүйелер қолданылады. Білім беру бағдарламаларын бағалау жүйесі бағдарламалар мазмұнын жақсарту мен жаңартуға бағытталған («Оқыту сапасының мониторингі туралы ереже»).

Ақпараттық технологиялар департаменті заманауи ақпараттық ресурстарға қол жеткізе отырып, академиялық және әкімшілік бөлімшелерге қолдау көрсетеді.

Университет заңды түрде сатып алынған лицензиялық программалық жасақтаманы немесе қажет болған жағдайда ашық бастапқы программалық жасақтаманы (шартты түрде ақысыз программалық жасақтама) пайдаланады.

Университеттің ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымына дербес компьютерлер паркі, программалық қамтамасыз ету (ПҚ), мультимедиялық, мамандандырылған оқу, телекоммуникациялық және серверлік жабдықтар кіреді.

Студенттерді оқытудың негізгі платформасы Canvas (LMS – Learning management system) оқытуды басқару жүйесі болып саналады, <https://canvas.narxoz.kz/>.

II.6.5. Білім алушыларды оқуға қабылдау, жоғары білім, оқу кезеңдері мен алдыңғы білімнің біліктіліктерін (квалификацияларын) мойындау

Университет дарынды жастарды білім берудің барлық деңгейлері бойынша оқуға тарту стратегиясын ұстанады.

Университетке оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Университет талапкерлерді қабылдау, олардың алдыңғы біліктіліктері мен білімдерін мойындау рәсімдерін айқындайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады.

Маркетингтік стратегия қазақстандық және шетелдік азаматтарға тең дәрежеде бағытталған. Талапкерлерді оқуға тартудың негізгі бағыттары келесілер: талапкерлерді тарту формаларын жаңарту (әлеуметтік желілерді кеңінен пайдалану); оқуға тарту мен қабылдауға байланысты ақпараттық орта құру; оқушылар мен студенттердің зияткерлік, яки интеллектуалды жарыстарын (олимпиадалар, конкурстар) өткізу; қабылдау үдерісінде заманауи онлайн және офлайн әдістерді пайдалану.

Пандемия жағдайында оқуға түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Университет Виртуалды қабылдау комиссиясын ұйымдастырады. Виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы құжаттарды электронды форматта толтыруға, виртуалды кеңестер алу мен оқу және жатақханада тұру ақысын төлеуге болады.

Университет мойындау туралы Лиссабон конвенциясына сәйкес жоғары білім беру біліктіліктері мен оқу кезеңдерін және алдыңғы білім беруді (формальды емес білімнің мойындалуын қоса алғанда) объективті мойындауға кепілдік береді (Еуропа кеңістігінде жоғары білімге жататын біліктіліктерді мойындау туралы конвенцияны ратификациялау туралы; Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13-желтоқсандағы N202-І Заңы).

Университетте «Формалды және формалды емес білім берудің оқу нәтижелерін мойындау тәртібі туралы» қосымша ереже әзірленді. Басқа да отандық және шетелдік оқу орындарында алынған біліктіліктерді мойындау оқу кредиттерінің трансферін толтырудың бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

II.6.6. Білім беру бағдарламаларының қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келуі

Университеттің білім беру бағдарламалары динамикалық еңбек нарығының болжамды сұраныстарын қанағаттандыру мен студенттерді және түлектерді жұмысқа орналастыруға дайындау ісіне бағытталған.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы (ҰКП) әзірлеген Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) деңгейіне сәйкес, әрі кәсіптік стандарттарды талдау негізінде еңбек нарығындағы өзгерістер, жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, тұрақты түрде қайта қаралуы тиіс.

Университет білім алушыларды кәсіби қызмет салаларында алған дағдыларын белсенді қолдануға және оларды одан әрі дамытуға, игерген құзыреттіліктерін қоршаған орта қажеттіліктері мен қарқынды дамып келе жатқан жағдайларға икемді бейімдеуге дайындайды.

Университеттің Мансапты дамыту және түлектермен байланыс орталығы түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша тұрақты зерттеулер жүргізеді, әрі жұмыс берушілермен үнемі байланыста болады.

II.6.7. Оқыту мен зерттеулердің интеграциясы

Оқытудың барлық деңгейлерінде білім беру бағдарламалары белсенді зерттеу ортасымен байланысты болады. Оқытушылар зерттеулермен айналысады және зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізеді. Білім алушылардың ғылыми жұмысына тұрақты қолдау көрсетіледі. Студенттер тиісті зерттеу методологияларын игеріп, оларды өз зерттеулерінде қолданады. Білім алушылар Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық олимпиадалар, конференциялар мен гранттық жобаларға белсенді қатысу мүмкіндігіне ие болады («Магистранттардың ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру процедурасы»).

II.6.8. Серіктестік байланыстар сапасы

Сапаны қамтамасыз етуге деген ұмтылыс Университеттің кез-келген қызметіне, оның ішінде жоғары оқу орындары және серіктес ұйымдармен бірге орындалатын қызметіне де таралады.

Университет ірі халықаралық қауымдастықтардың мүшесі болып саналады. (<https://narxoz.kz/global/global-network/rankings-accreditations-memberships>).

Университет халықаралық ұйымдар және қорлармен бірлесіп ғылыми жобаларды жүзеге асырады: (<https://www.narxoz.edu.kz/global/global-network/projects/>).

Университет бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, қос дипломды оқыту бағдарламаларын дамытады, сонымен қатар танымал шетелдік білім беру ұйымдарымен академиялық ұтқырлық бағдарламаларын табысты іске асырады (<https://www.narxoz.edu.kz/global/global-network/partnerships/>). Серіктестермен ынтымақтастық білім алушылар және профессор-оқытушылар құрамымен алмасу (оның ішінде Эразмус+), қос диплом бағдарламалары, жазғы мектептер, COIL жобасын іске асыру, халықаралық жобаларға қатысу сияқты салалардағы үздіксіз өзара іс-қимылдан тұрады.

II.6.9. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. Серпінді (динамикалық) білім беру ортасын қалыптастыру.

Университеттегі білім беру бағдарламалары білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персонал арасындағы өзара іс-қимылға, сондай-ақ белсенді студенттік өмірге негізделген серпінді ортаны қалыптастырады. Білім алушылардың білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалар шеңберінде, сондай-ақ студенттік ұйымдар мен клубтарда өздерінің көшбасшылық қасиеттерін белсенді түрде дамыту мүмкіндігі аса мол.

Университет білім алушылармен кері байланыс орнатады және білім алушылардың оқу ортасы, әл-ауқаты мен қанағаттанушылығына қатысты сауалнаманы тұрақты түрде жүргізеді.

Тіркеуші офисі, Эдвайзерлер офисі, Студенттермен жұмыс жөніндегі деканат, Маркетинг және қабылдау департаменті, Халықаралық даму, мансап және серіктестік департаменті, Студенттік Сенат, Мансапты дамыту және түлектермен байланыс бөлімі және басқа да құрылымдық бөлімшелер мен коллегиялды органдар Университет білім алушыларының академиялық үдерістері, ғылыми зерттеулері, жұмысқа орналасуы және мансаптық даму траекториясы мен тұлғалық өсуі саласы бойынша консультациялар мен қызметтерді жүзеге асырады.

Университет білім алушылар мен академиялық және әкімшілік персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басым көңіл бөледі. Осы мақсатта Қауіпсіздік департаменті төтенше жағдайлардағы іс-әрекет алгоритмдерін («Объектідегі өрт, жану немесе жарылыс кезіндегі іс-әрекет алгоритмі»; «Техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет алгоритмі» және т.б.) әзірледі.

II.6.10. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін құжаттау

Университет білім алушылар мен қызметкерлер жеке деректерінің құпиялылығына (конфиденциалдығына) кепілдік береді («Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушылардың жеке істерін білім беру деңгейлері бойынша жүргізу және сақтау қағидалары).

Университет қызметкерлері Microsoft Teams корпоративтік платформасы арқылы іскерлік хат алмасуды, құжаттарды беруді, кеңестер мен конференциялар өткізуді жүзеге асырады. («Пайдаланушылар парольдерінің қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар», «Серверлік бөлмелерге қол жеткізу қағидалары», «IT-инфрақұрылым деректерін резервтік көшіру регламенті»).

Ішкі құжаттар мен актілер электрондық ресурста ([https://portal.narhoz.kz.](https://portal.narhoz.kz)) орналастырылады. Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу қызметі бойынша ақпаратты енгізу және есепке алу үшін Banner Student, Banner «ПОҚ» және Banner Research болып бөлінетін Banner автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бар («Қызметкерлерге ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді ұсыну туралы ереже»).

Құжат айналымы жүйесін сақтау мен реттеудің кешенді үдерісін Университеттің Іс жүргізу және архив бөлімі жүзеге асырады.

Университеттің білім алушылары, оқытушылары, зерттеушілері мен әкімшілік қызметкерлері ақпаратты жинау және талдау үдерістеріне, сонымен қатар олардың негізінде шешімдер қабылдауға қатысады.

II.6.11. Білім беру инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстардың сапасы

Университет білім беру мен ақпараттық ресурстарды тиімді басқаруға және оларды сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделу талаптарын ескере отырып, қажетті сапамен Университет құрылымында пайдалануға кепілдік береді («Ақпараттық технологиялар орталығы туралы ереже»). Университет ашық ақпараттық саясатты әзірлейді және білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету жүйесі туралы жұртшылықты үнемі хабардар етіп отырады

Университетте жүзеге асырылып жатқан барлық білім беру бағдарламалары бойынша академиялық үдерісті ұйымдастыру кезінде Университеттің білім беру порталы базасында ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады. <https://canvas.narxoz.kz>).

Университеттің білім беру порталы Canvas базасында (<https://canvas.narxoz.kz>) жүзеге асырылған. Canvas – бұл онлайн-оқыту мен сабақ беруді қолдайтын курстарды басқару жүйесі. Білім беру порталын құрудың негізгі мақсаты білім алушылардың оқу пәндерінің онлайн ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету және оқытудың барлық деңгейлері мен формаларындағы ақпараттық-білім беру қызметін қолдау болып есептеледі.

III. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ САПАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАНУЫ

III.1. Аккредиттеу

Білім беру қызметінің сапасын растау үшін Университет сыртқы сараптамаға жүгінеді және мойындалған, әрі танымал ұлттық және шетелдік сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінде институционалды мен мамандандырылған аккредиттеу процедураларынан үнемі өтеді.


III.2. Рейтинг

Жалпы білім беру қызметі мен білім беру бағдарламаларының сапасын растау мақсатында Университет жыл сайын ұлттық деңгейдегі рейтингтерге қатысады.

Университет жыл сайын «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы өткізетін жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысады (<https://atameken.kz/ru/services/44-rejting-obrazovatel-nyh-programm-vuzov>).

(Ре)аккредиттеу және ранжирлеу процедурасының нәтижелері Мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының мәжілістерінде талданып, талқылаудан өтеді.

Әзірлеуші:



Н.Ж. Шаханова,

Аккредиттеу бөлімінің бастығы

Құжатты тексеру
туралы белгі:



Г.О. Абызова

Іс жүргізу және архив бөлімінің
бастығы